

**2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 196 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 шілдеде № 4464 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 191 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 14.06.2018 № 191 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Сырым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 236 "2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3983 тіркелген, 2015 жылғы 20 тамыздағы "Сырым елі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Е. Сарсенов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Саркулова жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Шыныбеков*

2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 196

**2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)
<b>Балабақша (республикалық бюджет)</b>					
Бұлдырты ауылы	Сырым аудандық білім беру бөлімінің "Айналайын" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	18 237	18 237	7000
<b>Балабақша (жергілікті бюджет)</b>					
Жымпиты ауылы	Сырым аудандық білім беру бөлімінің "Балдырған" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	35 094	35 094	7000
Шағырлой ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Абай орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	14 175	14 175	6500
Алғабас ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін М.Қаналиев атындағы Алғабас орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	18 005	18 005	6500
Бұлан ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Бұлан	50	20 712		6500

	орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі			20 712	
Жымпиты ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Жанша Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	17 721	17 721	6500
Қоңыр ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Абдолла Жұмағалиев атындағы Жосалы орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	28 582	28 582	6500
Қособа ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Қособа орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	15 075	15 075	6500
Қосарал ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Сырым орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	18 051	18 051	6500
Талдыбұлақ ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Талдыбұлақ орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	13 952	13 952	6500
Тасқұдық ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Тасқұдық негізгі мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	20 930	20 930	6500